Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Портативті BLUETOOTH спикері

Құрылғыны іске пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.

ҮЛГІЛЕР

PL5/PL5W

MFL71829411
2010_Rev03

www.lg.com

Авторлық құқық © 2020-2021 LG Electronics Inc.
Барлық құқығы қорғалған.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ШОК ҚАУІБІН АЗАЙТУ ҮШІН СЫРТЫН (НЕ ІШКІ ЖАҒЫН) АЛМАҢЫЗ ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ЕШ БӨЛШЕКТЕР ЖОҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН МАМАНДЫРЫЛҒАН ЖҰМЫСШЫҒА БЕРІҢІЗ.

Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе-басты найзағай белгісі өнім қабының ішінде тоқ соғу қаупіне жеткілікті шамасы бар оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескерту үшін арналған.

Тең қабырғалы үшбұрыштағы леп белгісі пайдаланушыны осы құрылғыға маңызды іске қосу және пайдалану нұсқаулары қосылғанын ескерту үшін арналған.

ЕСКЕРТУ: ӨРТТІҢ ШЫҒУЫН НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖАҢБАР НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл құрылғыға су тигізуге (төгуге немесе шашуға) болмайды және оның үстіне құмыра сияқты су құйылған заттар қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ: Бұл құрылғыны кітап сөресі не сол секілді шектелген жерге орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл өнімнің айналасында жоғары вольтты өнімдерді пайдаланбаңыз. (мысалы, электр шыбын өлтіргіші) Бұл өнім электр тогының соғуына байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға жанып тұрған шам сияқты ашық жалын көздері қойылмауы тиіс.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Желдеткіш саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауы бойынша орнатыңыз. Кабинеттің слоттары мен саңылаулары ауа алмасу үшін және құрылғы жақсы жұмыс істеп оны қатты қызып кетуден сақтау үшін қамтамасыз етілген. Саңылауларды өнімді төсек, диван, кілем не сол секілді жерлерге қойып бітемеңіз. Дұрыс желдету қамтамасыз етілмесе немесе нұсқаулығында арнайы нұсқау берілмесе, өнімді еш уақытта орнатылған кітап сөресі сияқты жерлерге орналастырмаңыз.

Қуаттану сымы жөнінде ЕСКЕРТУ

Қуат ашасы - ажыратқыш құрылғы. Төтенше жағдайда Қуат ашасы оңай қолжетімді болуы керек.

Ағымдық талаптарды білу үшін осы пайдалану нұсқаулығының техникалық сипаттама бетін қараңыз.

Қабырға розеткасына шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Шамадан тыс жүктеме түскен розеткалар, дұрыс бекітілмеген немесе зақымдалған розеткалар, қосымша кабельдер, тозған қуат кабельдері немесе бүлінген изоляция қауіпті болып табылады. Осы жағдайлардың кез келгені электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін. Кезеңді түрде құрылғының кабелін тексеріңіз және онда зақым немесе бүліну болса, оны ажыратып, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығында кабельді дәл сондай кабельге ауыстырыңыз. Қуат кабелін бүгілу, оралу, қысу, есікке қысылу немесе басып өту сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан қорғаңыз. Штепсель ашаларына, қабырға розеткаларына және кабельдің құрылғыдан шығу нүктесіне ерекше көңіл аударыңыз.

ЕСКЕРТУ: Қауіпсіздік белгілері туралы ақпаратты, соның ішінде өнім идентификациясы мен қуат шығарылымдарын өнімнің төменгі не басқа бетінде орналасқан негізгі затбелгіден қараңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ осы өнімді ылғалдылығы төмен орталарда пайдаланғанда

- Ол ылғалдылығы төмен орталарда статикалық тоқты тудыруы мүмкін.
- Бұл өнімді тоқты өткізетін кез келген затқа тигеннен кейін пайдалану ұсынылады.

Таңбалар

~	Айнымалы тоқты (АТ) білдіреді.
⎓	Тұрақты тоқты (ТТ) білдіреді.
⧈	II-ші класқа жататын жабдықты білдіреді.
⏻	Күту режимін білдіреді.
I	«ON» (қосулы) режимін білдіреді.
⚡	Қауіпті кернеуді білдіреді.

Мазмұны

1 Бастау

2 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Бірегей мүмкіндіктері
6 Кіріспе
7 Алдыңғы
8 Артқы

2 Іске қосу

9 Динамикті зарядтау
9 – Айнымалы тоқ адаптерімен зарядтау
9 – Зарядтау күйін тексеру
10 – Батарея күйін тексеру
11 Негізгі әрекеттер
11 – Қуат түймешігін пайдалану
11 – Bluetooth қосылымы
11 – Bluetooth жарық диод күйі
12 – Қарапайым жұмыс нұсқаулығы
14 Қолсыз функция
15 Дауыстық пәрмен
16 Көңіл күй жарығы
17 Дыбыс әсері
17 – Дыбыстық әсерді баптау
18 Сыртқы құрылғыңыз арқылы музыка тыңдау
19 BLUETOOTH® технологиясын қолдану
19 – BLUETOOTH құрылғыларында сақталған музыканы тыңдау
22 Бірнеше телефонды тоғыстыру
24 «LG XBOOM» қолданбасын пайдалану
24 – «LG XBOOM» қолданбасы туралы ақпарат
24 – Bluetooth құрылғыңызға «LG XBOOM» қолданбасын орнатыңыз
25 – Bluetooth функциясын «LG XBOOM» қолданбасымен белсендіріңіз
26 «Қос динамикте ойнату» режимінде қосу
28 «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің қосылымы
30 Басқа әрекет
30 – Ысыру
30 – Қысқа дыбыстық сигналды қосу/өшіру
30 – Авто өшіру жөнінде ескертпе

3 Ақаулықтарды жою

31 Ақаулықтарды жою

4 Қосымша

32 Сауда белгілері мен лицензиялар
33 Бұйымды қолдану
34 Сипаттамалар

Бірегей мүмкіндіктері

Қуатты автоматты түрде өшіру

Бұл құрылы электр тоқ қуатын үнемдеу мақсатында өздігінен өшіріледі. (30-бет)

AUX (Портативті кіріс)

Тасымалы құрылғыңыздан музыка тыңдайды. (ноутбук, смартфон, т.б.)

BLUETOOTH®

Bluetooth құрылғысында сақталған музыканы ойнатады.

LG XBOOM

LG XBOOM басқару пульті LG компаниясының ең жаңа аудио құрылғыларын басқаруға мүмкіндік беру үшін жобаланған.

(24-25 бет)

«Қос динамикте ойнату» режимі

Екі динамикті пайдалану арқылы дыбысты стерео режимде ойната аласыз. «Қос динамикте ойнату» режимін пайдалану үшін, басқа динамикті сатып алуыңыз қажет. «Қос динамикте ойнату» режимі тек бір үлгімен қолдау көрсетіледі. (PL5 және PL5, PL7 және PL7)

(26-27 бет)

«Бірнеше динамикте ойнату» режимі

Бірнеше динамикте пайдалану арқылы «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің дыбысын пайдалана аласыз. «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдалану үшін, басқа динамикті пайдалануыңыз қажет.
(Қолжетімді үлгі: PL5, PL7)

(28-29 бет)

Кіріспе

Осы нұсқаулықта пайдаланылған белгі

Ескертпе

Жұмыс істеу ерекшеліктері мен сипаттамаларына қатысты мағлұматтар бар.

Абай болыңыз

Мүмкін болатын бүлінулердің алдын алуды ескертеді.

Абай болыңыз

Суға төзімді (IPX5)

Бұл динамик IPX5 бойынша суға төзімді. IPX5 — «Су кіріп кетуіне қарсы қорғаныс деңгейі» Алайда бұл жүйе толық герметикалық емес. Төмендегі оқиғаларға жол бермеңіз.

- Құрылғыны су немесе басқа сұйықтықтың астында қолданбаңыз.
- Батареяны зарядтағанда, құрылғыны суға тигізбеңіз.
- Портқа су тиген жағдайда оны жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Динамикті пайдаланар алдында оны жақсылап кептіріңіз.
- Порттар су өткізбейді. Порттың қақпағы берік жабылғанына көз жеткізіңіз. Төмендегі суретті қараңыз.



- Порт қақпағын орналастырыңыз «1» және оны мықтап басыңыз.

Жүйенің су өткізбеу қасиеті осы құжатта сипатталған жағдайларда жасалған өлшемдерімізге негізделген. Клиенттің қате қолданысы кесірінен су кіруі салдарынан орын алған ақаулар кепілдікке кірмейтінін ескеріңіз.

Алдыңғы



1 Батарея жарық диоды

2 Тоқ жарық диоды

3 **Bluetooth** жарық диоды

4 SOUND BOOST жарық диоды

5 ⏻

Қосады / өшіреді : Басыңыз.

* Егер қуат қосылған болса, ⏻ түймесін 2 секунд басып тұрып, зарядтау күйін тексере аласыз.

6 ᛒ

- Бірнеше құрылғыны жұптастыру үшін **Bluetooth** қосады. (ᛒ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.)
- **Bluetooth** режиміне AUX режимінде ауыстырады. («ᛒ» түймесін басыңыз)

* 3,5 мм стерео кабельді қосқан кезде, функция AUX режиміне ауысады.

- **Bluetooth** құрылғысын іске қосу үшін «ᛒ» түймесін 7 секунд бойы басып тұрыңыз.

7 —

Дыбысты өшіріңіз.

8 +

Дыбысты қосыңыз.

9 ⏯

- **Bluetooth** режимінде ойнатады, кідіртеді немесе ойнатуды өткізіп жібереді. (12-бет)
- **Bluetooth** құрылғысында қоңырауларды қабылдайды. (14-бет)
- AUX режимінде дыбысты өшіреді.
- Смарт құрылғыңыздың дауыс пәрменін пайдаланыңыз. Дауыс пәрменін пайдалану үшін «⏯» түймесін 2 секунд бойы басып тұрыңыз. (15-бет)

10 **SOUND BOOST**

- Дыбыс әсерін өзгертеді. (17-бет)

11 Микрофон

Артқы



1 Порт қаптамасы

2 «Бірнеше динамикте ойнату жарық» режимінің диоды (НЕГІЗГІ)

3 «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диоды (БАСҚА)

4 «Қос динамикте ойнату режимі» жарық диоды

5 **MULTI**

«Бірнеше динамикте ойнату» режимі үшін бірнеше динамикті қосады.
(28-29 бет)

6 **DUAL**

«Қос динамикте ойнату» режимі үшін екі динамикті қосады.
(26-27 бет)

7

Көңіл-күй жарығын өзгертеді. (16-бет)

8 **RESET** (Бастапқы күйге келтіру) түймесі

9 (DC IN)

Зарядтауға арналған USB (C түрі) порты

10 **AUX**

Тасымалы құрылғыңыздан музыка тыңдайды.

Динамикті зарядтау

Айнымалы тоқ адаптерімен зарядтау

Бұл динамик кірістірілген батареямен жұмыс істейді. Оны пайдалану алдында айнымалы ток адаптерін жалғау арқылы батареяны зарядтаңыз.

1. Жеткізілген USB кабельді айнымалы ток адаптеріне жалғаңыз.
2. USB кабельді динамиктің ⚡ (DC IN) портына жалғаңыз.
3. Айнымалы ток қуат сымын айнымалы ток розеткасына қосыңыз.



Ескертпе

- Жұмыс істеу режимі шамамен 18 сағат. Ол батареяның толықтай зарядталғанына, 50 % дыбыс көлемін пайдалана отырып үздіксіз ойнату және көңіл-күй жарығы мен эквалайзер функцияларын өшіргенге байланысты болады.
  Ол батарея күйіне және жұмыс жағдайларына байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.
- Құрылғыны қорғау үшін берілген USB кабелін пайдалану ұсынылады.

Абай болыңыз

АТ адаптері қамтамасыз етілмеген. Жарылыстың қаупі болмау үшін, динамикпен LG Electronics Inc. (2 А не одан көп) мақұлдаған 5 В АТ адаптерін пайдалану ұсынылады. Егер ұсынылған адаптер пайдаланылмаса, зарядтау қолжетімсіз болуы немесе зарядтау уақыты өзгеше болуы мүмкін.

Зарядтау күйін тексеру

Динамик батаерясы зарядталғанда зарядтау күйін батарея жарық диодында тексеруге болады.

LED	Сипаттама
Жасыл → Өшік	Батарея толығымен зарядталған.
Қызыл	Батарея зарядталуда.

Ескертпе

- Зарядтап жатқанда музыка тыңдап жатсаңыз, ол ұзағырақ зарядталады.
- Динамик қызып кеткеннен зарядталмаса, батарея жарық диоды қызыл түсте жанып ашықсары түсте жанады. Зарядталу тоқтайды.
- Динамика батареясы толық қуатталғанда батареяның жасыл түсті жарық диоды 15 секунд жанып тұрып өшеді.

Батарея күйін тексеру

Егер қуат қосылған болса, ⏻ түймесін 2 секунд басып тұрып, зарядтау күйін тексере аласыз. Содан кейін батарея жарық диоды батареяны зарядтау күйіне қарай өзгереді.

LED	Сипаттама	Күй
Жасыл	Батарея жарық диоды жасыл түспен жанады.	≧ 70 %
Кәріптас	Батарея жарық диоды сары түспен жанады.	> 10 %
Қызыл	Батарея жарық диоды үздіксіз қызыл түсте жыпылықтайды және бір рет сигнал береді.	≦ 10 %

Ескертпе

- ⏻ түймесін 2 секунд басып тұрғаннан кейін, батарея жарық диоды 3 секундқа қосылады.
- Динамика қуатталып жатқанда батарея күйі тексерілмейді.
- Егер динамик смартфоныңызға қосылса, батарея күйін «LG XBOOM» қолданбасында тексере аласыз. Ол нақты батарея сыйымдылығынан өзгешеленуі мүмкін.

Негізгі әрекеттер

Қуат түймешігін пайдалану



Қуатты қосу/өшіру

⏻ түймешесін басыңыз.

Bluetooth қосылымы



Bluetooth құрылғысында қалаған музыканы ойнатыңыз. Жұптастырудан соң құрылғыдағы түймелер арқылы ойнатуды реттеуге болады. (12-13, 19-21 беттер)

Bluetooth жарық диод күйі

Bluetooth құрылғысын қосудан алдын **Bluetooth** жарық диоды жыпылықтауын тексеріңіз.



LED	Күй	Сипаттама
⁘	**Bluetooth** жарық диоды дыбыспен жыпылықтайды.	**Bluetooth** құрылғысын іздеу.
●	**Bluetooth** ЖШД дыбыспен қосылады.	**Bluetooth** құрылғысы қосылды.

Ескертпе

- AUX режимінде **Bluetooth** жарық диоды өшеді.
- Жұптастыру аяқталғаннан кейін, тіпті, бұйымды өшірсеңіз де, оны қайта жұптастыру қажет болмайды.
- AUX режимін **Bluetooth** режиміне ауыстырған кезде, **Bluetooth** жарық диоды қосылады, бірақ дыбыс болмайды.

Қарапайым жұмыс нұсқаулығы

Функция	Әдісі	Күй
Қуат қосулы	⏻ түймесіне басыңыз.	Тоқ жарық диоды жанып, дыбыс шығарады.
Қуатты сөндіру	⏻ түймесіне басыңыз.	Тоқ жарық диоды сөніп, дыбыс шығарады.
Bluetooth жұптасуы	**Bluetooth** жарық диоды шамы жыпылықтағанда, **Bluetooth** құрылғысындағы құрылғылар тізімінен LG-PL5 (XX) тармағын таңдаңыз.	**Bluetooth** жарық диоды дыбыспен қосылады.
Бірнеше құрылғыны жұптастыру	Тағы бір **Bluetooth** құрылғысын қосу үшін ᛒ түймешігін 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.	Басқа құрылғыны іздеу кезінде **Bluetooth** жарық диоды жыпылықтайды. Жұптастырудан кейін **Bluetooth** жарық диоды дыбыс шығарып, ақ түсте қалады.
Дыбыс деңгейін басқару	— немесе + басыңыз.	Бұл бұйым минималды немесе максималдық дыбыс деңгейіне жеткен кезде сіз дыбыстық сигналды естуіңіз мүмкін.
Ойнату/кідірту	⏯ батырмасын басыңыз.	-
Алға өткізу	⏯ екі рет басыңыз.	-
Артқа өткізу	⏯ үш рет басыңыз.	-
Гарнитура	⏯ батырмасын басыңыз.	Қоңырауды қабылдаңыз және ажыратыңыз.
Дауыстық пәрмен	⏯ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.	Динамиктің микрофоны арқылы смартфоныңыздың дауыс пәрменін пайдалану үшін сөйлеуіңізге болады
Көңіл күй жарығы	💡 түймесін басыңыз.	💡 түймесін басқан кезде көңіл-күй жарығының параметрлері өзгереді.
Дыбыстық әсер	Стандартты немесе **SOUND BOOST** режимін таңдау үшін SOUND BOOST түймесін басыңыз.	**SOUND BOOST** түймесін басқан кезде дыбыс әсері өзгереді. Жарық диодын өшіру стандартты, ал жарық диодын қосу SOUND BOOST режиміне жатады.

Функция	Әдісі	Күй
«Қос динамикте ойнату» режимі	**DUAL** түймесіне басыңыз.	Негізгі динамиктің «Қос динамикте ойнату» режимінінің жарық диоды дыбыспен қосылады. Содан кейін Басқа динамиктің «Қос динамикте ойнату» режимі жарық диоды дыбыспен қосылады.
«Бірнеше динамикте ойнату» режимі	**MULTI** түймесін басыңыз. Содан соң **MULTI** түймесін НЕГІЗГІ немесе БАСҚА функциясын таңдау үшін басыңыз.	Негізгі немесе Басқа функциясын таңдаған кезде, динамик 3 секундтан кейін сигналдық дыбыспен қосылады.
Bluetooth инициализациялау	ᛒ түймешігін 7 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.	Тоқ және **Bluetooth** жарық диоды 4 рет жыпылықтайды.

Ескертпе

- «Қос динамикте ойнату» және «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде бірнеше телефонды жұптастыру қосылымына қолдау көрсетіледі. (26-29 бет)
- Негізгі динамик сол жақ «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диодын қосады және «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде **Bluetooth** жарық диодын қосады
- Басқа динамик оң жақтағы «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диодын «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде қосады. Содан соң **Bluetooth** жарық диоды өшеді.
- **Bluetooth** құрылғыңызды пайдалану арқылы әуеннің ойнатылуын немесе дыбыс деңгейін реттеуге болады.
- **Bluetooth** инициализацияланғаннан кейін, оны **Bluetooth** құрылғысына қайта қосу керек. (iOS құрылғыларында **Bluetooth** құрылғысындағы байланыс жойылғаннан кейін **Bluetooth** құрылғысына қайта қосылып көріңіз.)

Қолсыз функция

Бұл құрылғыға **Bluetooth** құрылғысы арқылы түскен қоңырауды қабылдауға болады. Құрылғыны **Bluetooth** құралына қосыңыз.



Функция	Әдісі
Қоңырау қабылдаңыз.	⏯ батырмасын басыңыз.
Қоңырауды.	⏯ батырмасын басыңыз.
Қоңыраудан бас тартыңыз.	⏯ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
Телефон соғу кезінде динамик пен телефон арасында ауыстырып қосу.	⏯ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.

Ескертпе

- «Бос қол» функциясы кезінде дауыс пәрменіне қолдау көрсетілмейді.
- Бұл функцияны тек смартфонда ғана қолдануға болады.
- Қоңыраудың дыбыс деңгейін реттеу үшін құрылғының —, + түймелерін басыңыз.
- «Қос динамикте ойнату» және «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде дыбыстық микрофон әсеріне байланысты тек негізгі динамикте ғана қоңырау қабылдай аласыз. (26-29 бет)
- Кейбір **Bluetooth** құрылғыларында кіріс қоңырауы қабылданғанда ол бекітілген қоңырау үнімен шылдырауы мүмкін, (мыс. Android құрылғылары) Бекітілген қоңырау үнін реттеуге болады.
- Бірнеше телефонды жұптастыру режимінде динамикпен тек қосылған құрылғылардың бірінің ғана қоңырауын қабылдай аласыз.
- Егер бірнеше құрылғыны жұптастырылған **Bluetooth** құрылғылары арқылы байланыстыру болса, гарнитура дұрыс істемейді.
- **Bluetooth** байланыс күйінде AUX режиміне ауыссаңыз да, сіз бұл функцияны пайдалана аласыз.
- Қоңырауды телефондағы сөйлесу түймесін пайдалану арқылы қабылдағанда қоңырау телефоныңызбен қосылады. Егер динамик арқылы сөйлескіңіз келсе, оны телефоныңызда динамик режиміне өзгерту қажет. (Тек iOS құрылғылары)
- Бұл функцияны пайдаланғыңыз келмесе, телефоныңыздағы **Bluetooth** баптауларын кетіріңіз. Бұл режимді пайдалану үшін **Bluetooth** функциясын қайта қосыңыз.

Дауыстық пәрмен

Смартфоныңыздың дауыстық пәрменін қосу үшін динамиктің микрофонына дауыстық пәрмен қолданбасы немесе Siri арқылы сөйлесеңіз болады.

Ескертпе

Дыбыстық пәрмені бар смарт құрылғыны пайдаланыңыз.

1. **Bluetooth** арқылы динамикті смарт құрылғыға қосыңыз.
2. Дауыстық пәрменді белсенді күйге келтіру үшін, ⏯ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
3. Төменде берілгендей дыбыстық пәрменді белсенді күйге келтіріңіз.
   - Android O/S : Дауыстық пәрмен қолданбасын таңдаңыз.
   - iOS ОЖ: Siri автоматты түрде қосылады.
4. Дауыстық пәрмен қолданбасын немесе Siri қолданбасын динамиктің микрофоны арқылы шақыртыңыз.

Ескертпе

- «Бос қол» функциясы кезінде дауыс пәрменіне қолдау көрсетілмейді.
- Смарт құрылғыда дыбыстық пәрменнің уақыт шектеуі асып кеткенде, бұл функция автоматты түрде өшеді
- Бұл функцияны Android құрылғысында пайдалансаңыз, Google қолданбасын (Google Assistant, Google Now, т.б.) пайдаланған дұрыс. Google қолданбасын Google ұсынады. Кейбір жерлер Google саясатына сәйкес қолдалмауы мүмкін.
- Дауысты пәрмен режимін тоқтату қажет болса, осы функция қосылып тұрғанда ⏯ түймесін 2 секунд бойы қайта басыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін, дауыстық пәрмен немесе Siri қолданбасын қараңыз.
- Микрофонға жақынырақ сөйлесеңіз тапсырысыңыз сәттірек орындалады.
- **Bluetooth** құрылғысына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

Көңіл күй жарығы

Бұл құрылғыда көңіл-күй жарығын қосуға болады.
түймесін басқан кезде, көңіл-күй жарығының параметрлері төменде көрсетілгендей пайда болады.



Функция	Сипаттама
Сауық кеш	Түрлі-түсті жарық жанады.
Су	Көк түсті жарық жанады.
Орман	Сары түсті жарық жанады.
JellyBean	JellyBean опциясын қосу үшін “LG XBOOM” қолданбасымен теңшеуіңіз керек.
Өшіру	Көңіл-күй жарығы өшеді.

Ескертпе

- Музыканы қоссаңыз, көңіл күй жарығы музыкамен синхронды жанады.
- Динамикті қайта қосқанда, ақырғы пайдаланылған опциялар қосылып тұрады.

Дыбыс әсері

Қалағаң дыбыс әсерін **SOUND BOOST** түймесін пайдаланып таңдауға болады.



Дыбыстық әсерді баптау

○ өшіру / ● қосу

Жарық диод	Функция	Сипаттама
○ SOUND BOOST	Стандартты	Теңгерілген және табиғи дыбыспен Нақтылығы жоғары дыбысты тыңдай аласыз.
● SOUND BOOST	SOUND BOOST	Кең дыбыстық өріс пен мықты дыбысты тыңдай аласыз.

Ескертпе

- Динамикті қайта қосқанда, ақырғы пайдаланылған опциялар қосылып тұрады.
- Дыбыс әсерін «LG XBOOM» қолданбасын пайдалану арқылы реттей аласыз.
- «Стандартты» дыбыс әсерін таңдаған кезде MERIDIAN арқылы жоғары сапалы дыбысты тыңдай аласыз.
- Дәлдеп реттелген дыбыс жоғары сападағы оңтайлы дыбыс мүмкіндігін ұсынғандықтан, дыбыстық әсер режимдерінде шамалы айырмашылық болуы мүмкін.

Сыртқы құрылғыңыз арқылы музыка тыңдау

Бұл бұйымды сыртқы құрылғылардың көптеген түрінен музыка тыңдау үшін пайдалануға болады.



1. Тоқты ⏻ түймесін басып қосыңыз.
2. Сыртқы құрылғыны осы құрылғының **AUX** (3,5 мм) коннекторына қосыңыз.
3. Сыртқы құрылғыны қосып, оны ойнатуды бастаңыз.

Ескертпе

- 3,5 мм стерео кабельді қосқан кезде, функция AUX режиміне автоматты түрде ауысады.
- AUX режимінде динамик **Bluetooth** байланысын шектеп керек болмаған **Bluetooth** байланысының алдын алады.
- Осы режимде ᛒ түймесін басқан жағдайда, ол **Bluetooth** режиміне ауысуы мүмкін.
- «Қос динамикте ойнату» және «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде пайдаланған кезде AUX режиміне қолдау көрсетілмейді.

BLUETOOTH® технологиясын қолдану

BLUETOOTH туралы

Bluetooth – қысқа ауқымды байланысқа арналған сымсыз байланыс технологиясы.

Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде немесе **Bluetooth** құрылғысын басқа бөлмелерде қосқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.

Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы жеке құрылғыларды қосу үшін ешқандай төлем алынбайды.

Байланыс **Bluetooth** сымсыз технологиясы арқылы жасалған болса, **Bluetooth** сымсыз технологиясымен ұялы телефонды Cascade арқылы басқаруға болады.

- Қолжетімді құрылғылар: смартфон, ноутбук, т.б.
- Нұсқасы : 5.0
- Кодек: SBC, AAC

BLUETOOTH профильдері

Bluetooth сымсыз технологиясын пайдалану үшін құрылғылар белгілі профильдерді таратуы.
Бұл динамик келесі профильмен үйлеседі.

A2DP (Кеңейтілген аудио тарату профилі)

HFP (Дауысты сымсыз байланыс профилі)

AVRCP (A/V қашықтан басқару пультінің профилі)

BLUETOOTH құрылғыларында сақталған музыканы тыңдау

Құрылғыңыз бен BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру

Жұптастыру процедурасын бастау алдында **Bluetooth** құрылғысында **Bluetooth** функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз. **Bluetooth** құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Жұптастыру әрекеті орындалғаннан кейін, оны қайталау қажет емес.

1. Құрылғыны іске қосыңыз, сосын **Bluetooth** жарық диоды жыпылықтап дыбыс шығады.



2. **Bluetooth** құрылғысын пайдаланып, жұптастыру әрекетін орындаңыз. Бұл бұйымды **Bluetooth** құрылғысы арқылы іздеу кезінде, табылған құрылғылардың тізімі **Bluetooth** құрылғысының түріне байланысты **Bluetooth** құрылғысының дисплейінде орын алуы мүмкін. Құрылғыңыз «LG-PL5 (XX)» түрінде көрсетіледі.



3. «LG-PL5 (XX)» таңдаңыз.



Ескертпе

- XX - **Bluetooth** мекенжайының соңғы екі санын білдіреді. Мысалы, қондырғыңыздың **Bluetooth** мекенжай 9C:02:98:4A:F7:**08** болса, **Bluetooth** құрылғыңыздан «LG-PL5 (**08**)» жазуын көресіз.
- **Bluetooth** құрылғысының түріне байланысты кейбір құрылғылар басқаша жұпталады. **Bluetooth** арқылы жұптау туралы толық ақпарат алғыңыз келсе, **Bluetooth** құрылғысының нұсқаулығын қараңыз.

4. Бұл құрылғы **Bluetooth** құрылғыңызбен сәтті қосылғанда **Bluetooth** жарық диоды дыбыспен қосылады.



5. Музыканы естіңіз.
Bluetooth құрылғысындағы музыканы ойнату үшін, **Bluetooth** құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Ескертпе

- **Bluetooth** технологиясын қолданған кезде, құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында мүмкіндігінше жақын байланыс орнату және қашықтықты сақтау керек. Бірақ төмендегі жағдайларда проблемалар пайда болуы мүмкін:
  - Құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында бөгет бар.
  - **Bluetooth** технологиясымен бірдей жиілікті пайдаланатын медициналық жабдық, микротолқынды пеш не сымсыз LAN құрылғысы сияқты құрылғы бар.
- Егер **Bluetooth** байланысы жақсы жұмыс істемесе «Құрылғыңыз бен BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру» тарауының 1-шу қадамына өтіп қайталаңыз.
- Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.
- Құрылғы түріне байланысты **Bluetooth** функциясын пайдалана алмауыңыз мүмкін.
- **Bluetooth** функциясын смартфонда, ноутбукта, т.б. пайдалануға болады.
- Бұйым мен **Bluetooth** құрылғысының арасында қашықтық неғұрлым үлкен болса, дыбыс сапасы соғұрлым төмен болады.
- Бұйым өшірілгенде немесе **Bluetooth** құрылғысы құрылғыдан қашықтап кеткенде **Bluetooth** байланысы ажыратылады.
- **Bluetooth** байланысы ажыратылғанда, **Bluetooth** құрылғысын бұйымға қайта қосыңыз.
- **Bluetooth** функциясын басқа функцияларға ауыстырғанда да **Bluetooth** функциясы қосылып тұрады.
- **Bluetooth** құрылғысын (iOS құрылғысы және т.б.) осы құрылғыға жалғаған кезде немесе құрылғымен жұмыс істеген кезде, дыбыс деңгейі бір-бірімен синхрондала алады.
- Бұйым қосылмаған кезде **Bluetooth** жарық диоды жыпылықтайды.
- **Bluetooth** функциясын пайдаланған кезде, **Bluetooth** құрылғысының даусын тиісті деңгейге реттеңіз.

Bluetooth құрылғысына жалғанған басқару құралдары

Жалғанған **Bluetooth** құрылғысын құрылғы арқылы басқара аласыз; қосу, үзіліс, өтіп кету, дыбыс көлемі.

Ескертпе

- Осы функцияны пайдалану тек Android OS және iOS құрылғыларында қолжетімді.
- Бұл функция **Bluetooth** құрылғысына немесе басқаша жұмыс істеуіне байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Бірнеше телефонды тоғыстыру

Құрылғыны бір мезгілде 2 **Bluetooth** құрылғысына қосуға болады.

Екі құрылғымен жұптастыру

1. Құрылғыны **Bluetooth** құралына қосыңыз.(19-21 бет)
2. **Bluetooth** құрылғысы және құрылғы қосылғанда ᛒ түймешігін 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.



- Содан кейін **Bluetooth** жарық диоды дыбыспен жыпылықтайды. Құрылғы бірнеше телефонмен сәйкестіру режиміне ауысады.

3. Басқа **Bluetooth** құрылғысындағы құрылғылар тізімінен «LG-PL5 (XX)» тармағын таңдаңыз.



- Сосын динамик екі **Bluetooth** құрылғысымен байланысады.

4. 2 **Bluetooth** құрылғысы сәтті қосылғанда **Bluetooth** жарық диоды қосылады.



Ескертпе

- «Қос динамикте ойнату» режимінде пайдаланған кезде бірнеше телефонды жұптастыру қосылымына қолдау көрсетіледі. «Қос динамикте ойнату» режимінен бас тарту үшін **DUAL** түймесін басыңыз.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимі пайдаланған кезде бірнеше телефонды жұптастыру қосылымына қолдау көрсетілмейді. «Бірнеше динамикте ойнату» режимінен бас тарту үшін **DUAL** түймесін басыңыз.
- Негізгі динамикті өшірген кезде немесе 3,5 мм стерео кабельді «Бірнеше динамикті ойнату» режимінде қосқан кезде ол «Бірнеше динамикте ойнату» режимінен бас тартылады
- Жоғарыда сипатталған тәсілді пайдаланып, осы бұйымды бірден 2 **Bluetooth** құрылғысына жалғай аласыз. Егер қосылған 2 Bluetooth құрылғысымен бірге жаңа **Bluetooth** құрылғысын қосқыңыз келсе, түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- Динамик бірнеше телефонды тоғыстыруға дайын болса, басқа **Bluetooth** құрылғыларын және динамикті бірнеше минут ішінде қосу керек (шамамен 1 минут ішінде). Әйтпесе бірнеше телефонды тоғыстыру режимі жойылады.
- Қосылған құрылғының ерекшеліктеріне байланысты бірнеше телефонды тоғыстыру функциясы жұмыс істемеу мүмкін.
- Алынбалы/ажыратылатын **Bluetooth** құрылғысы (Мысалы: сыртқы байланыс порты т.б.) арқылы бірнеше телефонды тоғыстыру мүмкін емес.
- Бұл динамик 2 **Bluetooth** құрылғысына қосылып тұрса да, 2 **Bluetooth** құрылғысын бір уақытта пайдаланып музыканы ойнатуға немесе басқаруға болмайды. Басқа **Bluetooth** құрылғысын қосқыңыз келсе, музыканы тоқтата тұрыңыз.
- Бірнеше жұптастыруды қосқаннан кейін, **Bluetooth** құрылғыларына байланысты, аз уақыттан кейін музыканы ойнатылады.
- Бірнеше телефонды тоғыстыру кезінде 2 **Bluetooth** құрылғысы автоматты байланыспайды. Тек бір ғана **Bluetooth** құрылғысы динамикке автоматты байланысады. Басқа құрылғыны қолмен байланыстыру керек.
- Егер **Bluetooth** құрылғысының тиімді қашықтығынан **Bluetooth** функциясын ажыратпай алшақтап кетсеңіз, оған басқа **Bluetooth** құрылғысына қосылу үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін. Бірақ қуатты өшіріп, қайта қосқаннан кейін, күтпей-ақ, басқа **Bluetooth** құрылғыларын жалғай аласыз.
- Егер 2 **Bluetooth** құрылғысына қосылып тұрғанда жаңа **Bluetooth** құрылғысын қоспақшы болсаңыз, бұл динамик бір **Bluetooth** құрылғысынан автоматты түрде ажыратылады. (Қосылып тұрған **Bluetooth** құрылғысының ажыратылуы мүмкін емес.)
- Бірнеше телефон тоғыстырылған жағдайда, басқару опциясы бар бір **Bluetooth** құрылғысы ғана дыбыстық пәрменді пайдалана алады.

«LG XBOOM» қолданбасын пайдалану

Ескертпе

Қолданбаның ең соңғы нұсқасын пайдалануға ұсыныс беріледі.

«LG XBOOM» қолданбасы туралы ақпарат

«LG XBOOM» бағдарламасы осы құрылғыға жаңа мүмкіндіктер жинағын ұсынады.

Көбірек мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін сізге тегін «LG XBOOM» бағдарламасын жүктеп, оны орнатуды ұсынамыз.

Bluetooth құрылғыңызға «LG XBOOM» қолданбасын орнатыңыз

«LG XBOOM» бағдарламасын **Bluetooth** құрылғыңызға орнатудың екі жолы бар.

QR коды арқылы «LG XBOOM» қолданбасын орнатыңыз

1. QR код арқылы «LG XBOOM» қолданбасын орнатыңыз. QR кодты сканерлеу үшін сканерлеу бағдарламасын пайдаланыңыз

<Android> <iOS>

2. Орнату үшін, белгішені түртіңіз.

Ескертпе

- **Bluetooth** құрылғысы интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- **Bluetooth** құрылғыңызда сканерлеу бағдарламасының бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер сізде ол болмаса, біреуін «Google Android Market (Google Play Store)» немесе «Apple App Store» дүкенінен жүктеп алыңыз.
- Аймаққа байланысты QR коды жұмыс істемеуі мүмкін.

«LG XBOOM» қолданбасын «Google Android Market (Google Play Store)» немесе «Apple App Store» арқылы орнатыңыз

1. «Google Android Market (Google Play Store)» немесе «Apple App Store» белгішесін түртіңіз.
2. Іздеу тақтасында «LG XBOOM» жазуын теріп, оны іздеңіз.
3. Іздеу нәтижелерінің тізімінен **Bluetooth** қолданбасын жүктеу процесін бастау үшін, «LG XBOOM» қолданбасын түртіңіз.

Ескертпе

- Bluetooth құрылғысы интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- **Bluetooth** құрылғыңыздың «Google Android Market (Google Play Store)» немесе «Apple App Store» қолданбасымен жабдықталғанына көз жеткізіңіз.

Bluetooth функциясын «LG XBOOM» қолданбасымен белсендіріңіз

«LG XBOOM» қолданбасы сіздің **Bluetooth** құрылғыңызды осы құрылғыға қосуға көмектеседі.

«LG XBOOM» қолданба белгішесін негізгі экранға «LG XBOOM» қолданбасын ашып негізгі мәзірге бару үшін түртіңіз.

Ескертпе

- «LG XBOOM» қолданбасы бағдарламалық жасақтама нұсқасында қолжетімді.
  - Android O/S: 5.0 нұсқасы (немесе кейінгі)
  - iOS O/S: iOS10 (немесе кейінірек)
- **Bluetooth** құрылғысына байланысты, «LG XBOOM» бағдарламасы жұмыс істемеуі мүмкін.
- «LG XBOOM» бағдарламасы қосылғаннан кейін құрылғыңыздан музыка шығуы мүмкін. Бұл жағдайда байланыс орнату рәсімін қайталап көріңіз.
- «LG XBOOM» бағдарламасын пайдаланып жатқанда басқа бағдарламалармен жұмыс істеп жатсаңыз немесе **Bluetooth** құрылғыңыздағы параметрлерді өзгертсеңіз, «LG XBOOM» бағдарламасы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- «LG XBOOM» бағдарламасы дұрыс жұмыс істемей жатқан кезде, **Bluetooth** құрылғыңызды және «LG XBOOM» бағдарламасын тексеріңіз және қайта қосылып көріңіз.
- Смартфонның операциялық жүйесіне байланысты «LG XBOOM» жұмысында кейбір айырмашылықтар болады.
- «LG XBOOM» бағдарламасының байланысы дұрыс жұмыс істемесе, **Bluetooth** құрылғыңыздағы **Bluetooth** параметрін тексеріңіз.

«Қос динамикте ойнату» режимінде қосу

Екі динамикті пайдалану арқылы дыбысты стерео режимде ойната аласыз. «Қос динамикте ойнату» режимін пайдалану үшін, басқа динамикті сатып алуыңыз қажет.



1. Әр динамиктің **DUAL** түймесін басыңыз. Содан соң динамиктер «Қос динамикте ойнату» режиміне дайын болады.



- Сигналдық дыбыс естіліп «Қос динамикте ойнату» режимі жарық диоды ақ түсте жылдам жыпылықтайды.

2. Егер екі құрылғы сәтті түрде қосылса, жыпылықтап тұрған «Қос динамикте ойнату режимі» жарық диоды ақ түс болып қалады. Алдымен негізгі динамиктен сигнал дыбысын естіп, сосын басқа динамиктен естіңіз.



- Ⓐ динамик: негізгі динамик L (сол жақ) арнасына орнатылып «Қос динамикте ойнату» режимі жарық диоды мен **Bluetooth** жарық диодын қосады.
- Ⓑ динамик: Басқа динамик R (оң жақ) арнасына орнатылады және «Қос динамикте ойнату» режимінің жарық диодын қосады.
  Bluetooth жарық диоды өшеді.

Ескертпе

- «Қос динамикте ойнату» режиміне қосылу үшін 1 минутқа дейін уақыт кетеді.
- «Қос динамикте ойнату» функциясын пайдалану тек PL7 үлгісіне шектеу қойып, басқа Портативті Bluetooth динамигінде қолжетімді болмайды.
- Егер **Bluetooth** құрылғысына қосылған болмасаңыз, негізгі динамиктің **Bluetooth** жарық диоды жыпылықтайды.
- Ⓐ динамигі **Bluetooth** құрылғысының MAC мекенжайына тәуелді.

3. **Bluetooth** құрылғысында қалаған музыканы ойнатыңыз.

Ескертпе

- «Қос динамикте ойнату» режимінде пайдаланған кезде, бірнеше телефонды жұптастыру мүмкін болмайды.
  - Негізгі динамик (Ⓐ) тек бір ғана **Bluetooth** құрылғысына қосылады.
- «Қос динамикте ойнату» режимінде **Bluetooth** құрылғысымен тек негізгі (Ⓐ) динамикті ғана жалғауға болады.
- Егер тоқты өшіріп қайта қоссаңыз, екі динамикті «Қос динамикте ойнату» режимін пайдалану үшін қайта байланыстыру керек.
- Егер құрылғыларда «Қос динамикте ойнату» режимі қосылмаса, 1-қадамға өтіңіз және әрекетті қайталаңыз.
- «Қос динамикте ойнату» қосылымы орындалып тұрғанда, басқа **Bluetooth** құрылғыларындағы құрылғылармен іздеу мүмкін болмайды.
- «Қос динамикте ойнату» қосылымын ажыратқанда, екі динамиктегінің біреуіндегі **DUAL** түймешіктерін қайтадан басыңыз.
- Музыканы «Қос динамикте ойнату» режимінде тыңдағанда дауысын, үздіксіз ойнатуды, эквалайзерді немесе көңіл-күй жарығын бір уақытта екі динамикте де, яғни негізгі (Ⓐ) және басқа (Ⓑ) динамиктерде реттей аласыз.
- AUX режимді пайдалану барысында «Қос динамикте ойнату» режиміне қосылғанда, бұл динамик автоматты түрде **Bluetooth** режиміне ауысады.
- «Қос динамикте ойнату» режимінде дыбыстың сызықты емес бұрмалануы себебінен қоңырауды тек негізгі динамиктен қабылдауға болады.
- Егер 3,5 мм стерео кабель «Қос динамикте ойнату» режимінде қосылса, ол «Қос динамикте ойнату» режимінен бас тартылады да, AUX режиміне ауысады.
- «Қос динамикте ойнату» режимінде Bluetooth құрылғысын ауыстыру үшін, ағымдағы **Bluetooth** құрылғысын ажыратып, қалаған **Bluetooth** құрылғысын жалғау үшін ᛒ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- Осы құрылғыға **Bluetooth** құрылғысын (iOS құрылғысы және т.б.) қосқан кезде немесе құрылғыны басқарған кезде, дыбыс деңгейі бір-бірімен синхрондалуы мүмкін.
- «Қос динамикте ойнату» режимінде, динамиктер арасындағы қашықтықты мүмкіндігінше аз қылыңыз.
- Желі ортасына байланысты «Қос динамикте ойнату» режимі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- «Қос динамикте ойнату» режимінде дыбыстық пәрменді тек негізгі динамикте пайдалана аласыз.
- Үздіксіз ойнату барысында «Қос динамикте ойнату» режиміне қосылмақшы болғанда, кейбір ұялы телефондар музыканы дұрыс ойнатпауы мүмкін.
- Динамик аудионы видеомен синхрондай алмайды (мыс. ТД, т.б.)
- «Қос динамикте ойнату» режимінен бас тарту үшін ⏻ түймесін, **DUAL** түймесін басыңыз.
- «Қос динамикте ойнату режимін» өшіру үшін және «Бірнеше динамикте ойнату» режимін іске қосу үшін, **MULTI** түймесін басыңыз.

«Бірнеше динамикте ойнату» режимінің қосылымы

Бірнеше динамикте пайдалану арқылы «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің дыбысын пайдалана аласыз. «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдалану үшін, басқа динамикті пайдалануыңыз қажет.



1. Әр динамиктің **MULTI** түймесін басыңыз. «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диоды жыпылықтайды.
2. НЕГІЗГІ немесе БАСҚА динамикті таңдау үшін, **MULTI** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- A динамик: НЕГІЗГІ динамикті таңдайды.
- B динамик: БАСҚА динамикті таңдайды.



- Сигналдық дыбыс естіледі де, «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диоды жылдам ақ болып жыпылықтайды.

3. Егер бірнеше динамик қосылған болса, «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диодтары сигналдық дыбыспен ақ болып қалады.



- A динамик: Негізгі динамик «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диодын және **Bluetooth** жарық диодын қосады.
- B динамик: Басқа динамик «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің жарық диодын қосады. **Bluetooth** жарық диоды өшеді.

Ескертпе

- «Бірнеше динамикте ойнату» режиміне қосылу үшін 1 минутқа дейін уақыт кетеді.
- 1 минуттан кейін Басқа динамиктерді қосу қажет болса, Негізгі динамиктегі **MULTI** түймесін қайтадан басуыңыз және Басқа динамикті қосуыңыз қажет.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдалану PL5, 7 сериясының үлгісімен шектеледі.
- Егер **Bluetooth** құрылғысына қосылған болмасаңыз, негізгі динамиктің **Bluetooth** жарық диоды жыпылықтайды.

4. **Bluetooth** құрылғысында қалаған музыканы ойнатыңыз.

5. Қажетті динамикті қосу үшін 1-2 қадамдарын қайталаңыз.
- Ⓐ динамик: НЕГІЗГІ динамикті таңдайды.
- Ⓒ динамик: БАСҚА динамикті таңдайды.



Ескертпе

- «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдаланған кезде, бірнеше телефонды жұптастыру мүмкін болмайды.
  - Негізгі динамик (Ⓐ) тек бір ғана **Bluetooth** құрылғысына қосылады.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде Bluetooth құрылғысымен тек негізгі (Ⓐ) динамикті ғана жалғауға болады.
- Егер тоқты өшіріп қайта қоссаңыз, екі динамикті «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдалану үшін қайта байланыстыру керек.
- Егер құрылғыларда «Бірнеше динамикте ойнату» режимі қосылмаса, 1-қадамға өтіңіз және әрекетті қайталаңыз.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдаланған кезде Негізгі динамиктегі (Ⓐ) ойнату немесе көңіл-күй жарығы Басқа динамикпен құлыптанады.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимін пайдаланған кезде Басқа динамиктегі барлық түймелер Негізгі (Ⓐ) динамикпен құлыптанады.
- AUX режимін пайдалана отырып «Бірнеше динамикте ойнату» режимінің қосылымын қосқан кезде бұл динамик автоматты түрде **Bluetooth** режиміне ауысады.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде дыбыстың сызықты емес бұрмалануы себебінен қоңырауды тек негізгі динамиктен қабылдауға болады.
- Егер 3,5 мм стерео кабельді «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде қосқан болсаңыз, ол «Бірнеше динамикте ойнату» режимінен бас тартады да, AUX режиміне ауысады.
- «Бірнеше динамикте ойнату» **Bluetooth** құрылғысын ауыстыру үшін, ағымдағы **Bluetooth** құрылғысын ажыратып, қалаған **Bluetooth** құрылғысын жалғау үшін ᛒ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- Осы құрылғыға **Bluetooth** құрылғысын (iOS құрылғысы және т.б.) қосқан кезде немесе құрылғыны басқарған кезде, дыбыс деңгейі бір-бірімен синхрондалуы мүмкін.
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимінде, динамиктер арасындағы қашықтықты мүмкіндігінше аз қылыңыз.
- Желі ортасына байланысты «Бірнеше динамикте ойнату» режимі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Үздіксіз ойнату барысында «Бірнеше динамикте ойнату» режиміне қосылмақшы болғанда, кейбір ұялы телефондар музыканы дұрыс ойнатпауы мүмкін.
- Динамик аудионы видеомен синхрондай алмайды (мыс. ТД, т.б.)
- «Бірнеше динамикте ойнату» режимінен бас тарту үшін **DUAL** түймесін басыңыз.
- Егер бір уақытта көптеген өнімдерді қоссаңыз, іздеу орындалмауы немесе қосылым орнатылмауы мүмкін. Егер ол орындалмаса, қайта іздеп, қосыңыз.
- БАСҚА динамикті таңдау үшін **MULTI** түймесін басқа кезде, содан соң сигналдық дыбыстан кейін қайтадан **MULTI** түймесін басқан кезде «Бірнеше динамикте ойнату» режимі қосылымы босатылады.

Басқа әрекет

Ысыру

Егер динамикте ақау орын алса, **RESET** түймесін затқа ұқсас жіңішке білікті басыңыз. Сосын динамик өшеді. ⏻ түймесін басып динамикті қайта қосып көріңіз.



Қысқа дыбыстық сигналды қосу/өшіру

«LG XBOOM» қолданбасы арқылы сигналдық дыбысты реттеңіз:
LG XBOOM мәзірі → [Setting] → [Beep Sound]

Авто өшіру жөнінде ескертпе

Құрылғыны **Bluetooth** режимінде 6 сағат ішінде музыканың ойнатылуынсыз немесе AUX режимінде 6 сағат ішінде түйменің жұмысысыз пайдаланғанда, бұл құрылғы автоматты түрде өшіріледі.

Функцияны қосуға немесе өшіруге болады. Параметр төмендегідей ретпен өзгертілгенде, Қуат жарық диоды сигнал дыбысымен 5 рет жыпылықтайды.

Функция	Әдісі
ҚОСУ	⏻, + түймесін 2 секунд бойы бір уақытта басып тұрыңыз.
ӨШІРУ	⏻, − түймесін 2 секунд бойы бір уақытта басып тұрыңыз.

Ескертпе

- Бұл функцияны «LG XBOOM» қолданбасы арқылы қосып, өшіре аласыз.
- Егер функция өшірулі болған болса, динамик ⏻ түймесі немесе батарея қуаты толықтай бітетіндей жолмен өшеді

Ақаулықтарды жою

Ақаулық	Себебі және оны түзету
Қуат жоқ.	• Батарея заряды отырды. Батареяны қайта зарядтаңыз. • Блокты қуат көзіне айнымалы тоқ адаптері арқылы қосыңыз.
Дыбыс жоқ немесе дыбыс бұрмаланған.	• Бұйымның немесе смарт құрылғыңыздың дыбыс деңгейі минималды болып орнатылған. Блоктың немесе **Bluetooth** құрылғысының дыбыс деңгейін тексеріңіз және реттеңіз. • Сыртқы құрылғыдан өлеңді қатты дыбыспен тыңдағанда дыбыс сапасы нашарлауы мүмкін. Құрылғылардың дыбыс деңгейін азайтыңыз. • Бұйымды музыка тыңдаудан басқа мақсатта пайдалансаңыз, дыбыс сапасы төмендеуі немесе бұйым дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
Bluetooth жұптастыруы дұрыс жұмыс істемейді.	• **Bluetooth** құрылғыңыздағы **Bluetooth** байланысын өшіріп, қайта қосыңыз, содан кейін қайта жұптастырып көріңіз. • **Bluetooth** құрылғыңыз қосулы болғандығына көз жеткізіңіз. • **Bluetooth** құрылғысы мен бұйым арасындағы кедергілерді алып тастаңыз. • **Bluetooth** құрылғысының түріне немесе қоршаған ортаға байланысты, құрылғыңыз бұйыммен жұптаспауы мүмкін.
Бұйым дұрыс жұмыс істемейді.	• Егер батарея заряды толығымен таусылса, сақталған **Bluetooth** туралы ақпаратты жоюға болады. Бұйымның қуаты өшірілген кезде алдыңғы параметр сақталмауы мүмкін. • Ақаулық орын алған жағдайда құрылғыны температура немесе ылғалдылық тым жоғары немесе тым төмен болмайтын тиісті жерде қолданыңыз. • Артық жүктелу кезінде тоқ пен **Bluetooth** жарық диодтары ақ түсте жыпылықтайды. Құрылғыны өшіріп қайта қосыңыз.
Жоғарыдағы шешімдер жұмыс істемейді.	• Жұқа ине сияқты затты пайдаланып **RESET** түймесін басыңыз. (30-бет)

Сауда белгілері мен лицензиялар

Bluetooth® сөз таңбасы мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. меншігіндегі тіркелген сауда белгілер және бұл таңбаларды LG Electronics лицензиясы арқылы пайдаланады.

Басқа сауда белгілері мен сауда аттары олардың иелеріне тиесілі.

«iPhone құрылғысына арналған» және «iPod құрылғысына арналған» дегенімізі арнайы iPhone немесе iPod құрылғысына қосылу үшін жасалған электрондық керек-жарақ, сәйкесінше ол Apple өнімділік стандарттарына сай болу үшін әзірлеуші тарапынан куәландырылған. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысы үшін немесе оның қауіпсіздік және реттеу стандарттары үшін жауапты емес. Бұл керек-жарақты iPhone немесе iPod құрылғысымен пайдаланудың сымсыз өнімділікке әсер етуі мүмкін екенін ескеріңіз.

Сыйсымды iPhone/iPod

• Құрылғы төмендегі үлгілерді қолдайды ;

- iPhone XS Max
- iPhone XS
- iPhone XR
- iPhone X
- iPhone 8 Plus
- iPhone 8
- iPhone 7 Plus
- iPhone 7
- iPhone SE
- iPhone 6s Plus
- iPhone 6s
- iPhone 6 Plus
- iPhone 6
- iPhone 5s
- iPod touch (6-буын)

Жүйе ең соңғы iOS жүйесімен үйлесімді. iPhone/iPod бағдарламасының нұсқасына байланысты құрылғыдан iPhone/iPod құрылғысын басқара алмауыңыз мүмкін.

Бұйымды қолдану

Бұйымды тасымалдаған кезде

Бастапқы жеткізу қорабын және орайтын материалдарын сақтап қойыңыз. Егер бұйымды тасымалдау қажет болса, қажетті қорғаныс үшін құрылғыны зауытта қапталғандай етіп қайта ораңыз.

Сыртқы беттерін таза ұстау

- Бұйым маңайында инсектицид шашқышы сияқты буланғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Қатты күш салып сүрту сыртқы қабатын зақымдауы мүмкін.
- Резеңке немесе пластмасса өнімдердің бұйымға ұзақ жанасып тұруына жол бермеңіз.

Бұйымды тазалау

Құрылғыны тазалау үшін құрғақ шүберек пайдаланыңыз. Егер үстірттер қатты лас болса, жұмсақ жуғыш затының ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Спирт, бензин немесе сұйылтқыш сияқты күшті ерітінділерді пайдаланбаңыз, олар бұйымның бетін зақымдауы мүмкін.

Сипаттамалар

Динамик	
Қуат талаптары	5 В ⎓ 2 А (АТ адаптері) Кірістірілген аккумулятор
Қуат тұтынуы	Құрылғыдағы басты зат белгіге қараңыз.
Өлшемдері (Е x Б x Д)	Шам. 201 мм X 79 мм X 79 мм
Жұмыс температурасы	5 °C - 35 °C
Жұмыс ылғалдылығы	5 % - 60 % СЫ
Суға төзімді	IPX5

Кірістер	
AUX (Портативті кіріс)	0,5 Vrms (3,5 мм стерео ұясы)

Батарея	
Батарея қуаты	3900 мА·сағ.
Жұмыс уақыты	шамамен 18 сағат. Ол батарея күйіне және жұмыс жағдайларына байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.
Зарядтау уақыты	4 сағаттан кем (айнымалы тоқ адаптерімен). Бұл батареяның немесе жұмыстың жағдайларына байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

- Дизайн мен сипаттамалар ескертусіз өзгеруі мүмкін.

LG
Life's Good